

Кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету сомаларын депозитке енгізудің және оларды қайтарудың тәртібін және өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған импортталатын шикізаттар мен материалдарға кедендік баждар төлеуді кейінге қалдырудың немесе бөліп төлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 16 ақпандағы N 166 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 5 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1417. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1 . М ы н а л а р :

Кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету сомаларын депозитке енгізудің және оларды қайтарудың тәртібі;

Өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған импортталатын шикізаттар мен материалдарға кедендік баждар төлеуді кейінге қалдырудың немесе бөліп төлеудің ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Кедендік баждарды төлеу бойынша кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді берудің тәртібі туралы" нұсқаулықты күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 25 тамыздағы N 88 бұйрығы ;

"Акцизделетін тауарлар қатысында кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің уақытша тәртібін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 122 бұйрығы ;

"Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілді пайдалануы туралы" ережесін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 95 б ұ й р ы ғ ы .

3. Мемлекеттік кіріс министрлігінің Құқық департаменті (А. Базарбаева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Баспасөз қызметі (С. Мұқашев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің Төрағасы М. Нүкеновке
ж ү к т е л с і н .

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілген
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Бекітілген
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
министрінің

2001 жылғы "16" ақпан

2001 жылғы "16" ақпандағы

№ 166 бұйрығымен

**Кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету
сомаларын депозитке енгізудің және оларды қайтарудың
тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 138-бабына сәйкес кеден баждарын
және (немесе) салықтарын қамтамасыз ету нысандарының бірі Қазақстан
Республикасы кеден органдарының депозитіне тиесілі сомаларды енгізу (бұдан
әрі - депозит) болып табылады.

2. Осы Тәртіпте мынадай түсініктер пайдаланылады:

ішкі кеден органы - қызмет ету аймағында кедендік ресімдеуді жүргізудің
орны мен уақыты туралы Нұсқаулыққа сәйкес алушының (жөнелтушінің)
тауарына кедендік ресімдеу жүргізілуі тиіс Қазақстан Республикасының кеден
о р г а н ы ;

жөнелтуші кеден органы - қызмет ету аймағында Қазақстан
Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды нақты әкелу
жүргізілетін өткізу пункті орналасқан Қазақстан Республикасының кеден органы;

жіберілген кеден органы - қызмет ету аймағында Қазақстан
Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды нақты әкету
жүргізілетін өткізу пункті орналасқан Қазақстан Республикасының кеден органы;

жеткізілетін тауарлар - оларды ішкі кеден органына жеткізу үшін Қазақстан
Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар, не оларды жіберілген
кеден органына жеткізу үшін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан
тысқары жерлерге әкету үшін арналған тауарлар;

транзиттік тауарлар - Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы
тауарлардың транзиті кедендік режиміне сәйкес тасымалданатын тауарлар.

3. Кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке сомаларды енгізу тауарлар мен көлік құралдарын Кеден ісі туралы заңның 165-бабына сәйкес және жекелеген кеден режимдерінің шеңберінде жеткізу кезінде қолданылады.

Кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке сомаларды енгізу мынадай кеден режимдерінде қолданылады:

1) Кеден ісі туралы заңның 35-бабына сәйкес тауарлардың транзиті;
2) Кеден ісі туралы заңның 56-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өңдеу;

3) Кеден ісі туралы заңның 85-бабына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде қайта өңдеу;

4) Кеден ісі туралы заңның 99-бабына сәйкес акцизделетін тауарлардың кері экспортты;

5) тауарлардың экспорты. Сомаларды депозитке енгізу Кеден ісі туралы заңның 96-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағының шегінен шығармау кезінде төлеуге жататын салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде қолданылады.

Кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде сомаларды енгізу Кеден ісі туралы заңда және осы Тәртіпте қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Кеден органының депозитіне ақшаларды енгізудің тәртібі

4. Тауарлар транзиті кеден режимінен басқа, жеткізілетін тауарларға және осы Тәртіптің 3-тармағында көрсетілген кеден режимдерінде ресімделген тауарларға қатысты кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақшаларды енгізу ішкі кеден органының депозитіне жүргізіледі.

Транзиттік тауарларға қатысты кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақшаларды енгізу, егер өзгелер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен рұқсат етілмеген болса, жөнелтуші кеден органының депозитіне жүргізіледі.

Егер кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақшалар кеден органының кассасына Қазақстан Республикасының резиденті емес адамнан нақты ақшалай енгізілген жағдайда, берілген ақшалар сомасы үш банктік күннен кешіктірілмей осы кеден органының депозитіне аударылуға тиісті. Бұл ретте ақшаларды депозитке аудару кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету үшін ақша енгізген адам есебінен жүргізіледі.

5. Кеден органдарының валюталық шоты болмаған жағдайда кеден баждары

мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке ақшаларды енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

6. Кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету үшін қажетті сомалардың көлемі, төлеуге тиесілі кедендік баждардың және (немесе) салықтардың сомасынан кем болмауы тиіс:

егер тауарлар, тауарларды еркін айналысқа шығарған кезде тауарлардың транзиті кедендік режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы оларды тасымалдау үшін әкелген жағдайда, не егер тауарлар, экспорт кезінде шет мемлекеттің аумағы арқылы тауарлардың транзиті кедендік режиміне сәйкес оларды тасымалдау үшін әкетілген жағдайда;

тауарларды еркін айналысқа шығару кезінде, тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өңдеу кедендік режиміне сәйкес әкелінген тауарлар үшін;

экспорттау кезінде, тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде қайта өңдеу кедендік режиміне сәйкес әкетілетін тауарлар үшін;

тауарларды еркін айналысқа шығару кезінде, тауарлардың кері экспорты кедендік режимімен орналастырылатын акцизделетін тауарлар үшін;

тауарларды еркін айналысқа шығару кезінде не экспорт кезінде, жеткізілетін тауарлар үшін тауарларды әкету кезінде.

7. Жеткізілетін акцизделетін тауарлар қатысында депозитке ақшаларды енгізу ішкі кеден органының уақытша кеден декларациясын қабылдауына дейін немесе қабылдау сәтінде жүргізіледі.

Егер ІТҚ-да (ішкі транзит құжаты) көрсетілген қамтамасыз ету сомасы, аталған сомалар арасындағы айырма қамтамасыз ету сомалары есептелген шетел валютасы бағамының өзгеруінің нәтижесінде пайда болған жағдайдан басқа да, ішкі кеден органының депозитіне нақты енгізілген сомадан асқан жағдайда, ішкі кеден органының депозитіне жетпейтін сомаларды нақты енгізуге дейін тауарлар ішкі кеден органына бағыттауға жатпайды.

Осы Тәртіптің 3-тармағында көрсетілген кеден режимдерінің шегінде тасымалданатын тауарларға қатысты депозитке ақша енгізу кеден декларациясын қабылдауға дейін немесе тапсырылған күні жүргізіледі.

8. Кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке енгізілген ақша өзге төлемдер бойынша есепке алуға жатпайды.

Әр түрлі кеден органдарында ресімделетін тауарлар бойынша төлемді қамтамасыз ету жеке төлем қағаздарымен енгізіледі.

9. Депозитке ақшаны аударуға төлем құжатының "Төлемді тағайындау" бағанында:

"кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету"

(кеден режимін немесе жеткізу рәсімін көрсету)
қатысты саны _____
200 жылғы " ____ " _____ өзара шарт/тары/
бойынша _____ кеденнің/кеден
басқармасының _____
өткізу пункті арқылы N _____ шот-фактурасы/лар/
б о й ы н ш а " _____ к ө р с е т і л у і _____ т и і с .

Егер ақша кеден органының депозитіне үшінші тұлғамен енгізілетін болса, онда осы бағанда қандай тұлғаның мүддесіне ақша енгізілетіні қосымша көрсетілуі тиіс.

3. Кеден органының депозитіне енгізілген ақшаларға қожалық ету

10. Кеден органының депозитіне нақты ақша енгізген төлеуші немесе тұлға, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге транзиттік тауарларды нақты әкеткенге дейін не жеткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелуден бас тартқан жағдайдан басқа, осы Тәртіптің 3-тармағында көрсетілген кедендік режимдерде ресімделетін тауарларға қожалық етуге қ ұ қ ы с ы з .

11. Ішкі кеден органына жеткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақша көрсетілген кеден режиміне сәйкес кедендік төлемдерге және (немесе) салықтарға айналдыруға жатады.

Бұл ретте ішкі кеден органына төлеушінің осы ақшаны кеден төлемдерінің және (немесе) салықтарының осы Тәртіпке 1-қосымшамен келісілген сәйкесінше түрлеріне айналдыру туралы жазбаша өтініші тапсырылады.

Өтініш болмаған жағдайда, тауарлар таңдап алынған кеден режиміне сәйкес тек жүктік кедендік декларациясы (бұдан әрі - ЖКД) бойынша төлеуге жататын барлық кедендік төлемдер мен салықтарды кеден органының депозитіне не Кеден ісі туралы заңның 136-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлескен айқындалған тәртіпте (бұдан әрі - Тәртіп) мемлекеттік бюджетке енгізілгеннен кейін ғана шығарылуы мүмкін.

Бұл ретте кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақша сомаларын төлеушіге не оның жазбаша өтініші бойынша осы ақшаларды нақты енгізген адамға қайтару тек ЖКД бойынша төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтарды ішкі кеден органының депозитіне не мемлекеттік бюджетке Тәртіпке сәйкес енгізгеннен кейін ғана жүргізіледі.

12. Егер кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ішкі кеден органының депозитіне енгізілген сома ЖКД бойынша есептелген сомадан кем болған жағдайда, кеден төлемдерінің және (немесе) салықтарының жетпейтін сомалары ішкі кеден органының депозитіне не мемлекеттік бюджетке Тәртіпке сәйкес ЖКД-сын қабылдағанға дейін немесе қабылдауымен бір уақытта төленеді. Кеден төлемдерінің және (немесе) салықтарының жетіспейтін сомаларын төлемеген кезде жеткізілген тауарлар шығаруға жатпайды.

Егер транзиттік тауарлар қатысында кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде жөнелтуші кеден органының депозитіне енгізілген сома, төлеуге жататын сомадан кем болған жағдайда, егер тауарлар еркін айналыс үшін шығарылған болса, онда транзиттік тауарлар жіберілген кеден органына жөнелтуге жатпайды.

13. Егер кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде депозитке енгізілген сома ЖКД-сы бойынша есептелген сомадан артық болған жағдайда, ішкі кеден органы төлеушінің, нысаны осы Тәртіпке 2-қосымшада келтірілген жазбаша өтініші бойынша, артық енгізілген ақшаны белгіленген тәртіппен төлеушінің шотына немесе оның жазбаша өтініші бойынша осы ақшаларды нақты енгізген адамның шотына қайтаруды жүргізеді не болашақ қамтамасыз етудің немесе болашақ кеден төлемдері мен салықтарының шотына е с е п т е у д і жү р г і з е д і .

14. Жіберілген кеден органына көрсетілген мерзімде транзиттік тауарлар жеткізілген кезде, аталған тауарларға қатысты кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде жөнелтуші кеден органының депозитіне енгізілген сомаларды қайтару жөнелтуші кеден органымен осы соманы енгізген адамның, нысаны осы Тәртіпке 3-қосымшада келтірілген жазбаша өтініші б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

Бұл ретте транзиттік тауарлар бойынша кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының кассасына нақты ақшалай Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды және жеке тұлғалармен енгізілген және оның депозитіне аударылған ақшалар сомасын қайтару, жөнелтуші кеден органымен Қазақстан Республикасының резиденті емес адамның, нысаны осы Тәртіпке 4-қосымшада келтірілген жазбаша өтініші бойынша тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағымен, одан тысқары жерде ашылуы мүмкін шотына жүргізіледі. Кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету сомасын қайтару үшін ақшаларды аудару бойынша банктік операцияларды жүргізу ақшаны алушының есебінен жүргізіледі.

Транзиттік тауарларға қатысты кеден баждары мен төлемдерін төлеуді қамтамасыз ету ретінде жөнелтуші кеден органының депозитіне енгізілген сомалар, өтініш болмаған жағдайда, он бес күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік

бюджеттің кірісіне аударылады.

15. Тауарларды ішкі кеден органына жеткізбеген не тауарлардың транзиті, тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде қайта өңдеу, экспорт кеден режимдерінде тасымалданатын тауарларды Кеден ісі туралы заңда белгіленген мерзімде жіберілген кеден органына жеткізбеген жағдайда, кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде енгізілген сома он бес күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады.

Кері экспорт кедендік режимінде орналастырылған акцизделетін тауарлардың әкелінген күнінен екі ай ішінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге шығарылмауы жағдайында кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде енгізілген сома он бес күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады. Бұл ретте декларантпен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, кері экспортталатын тауарларды шығарудың Кеден ісі туралы заңмен белгіленген мерзімі аяқталған күніне қолданылған қайта қаржыландырудың 1,5 есе ресми ставкасы мөлшеріндегі өсу ақысы төленуі тиіс.

Мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылған ақшаны қайтару мынадай: жіберілген кеден органының тауарлардың транзиті кедендік режиміне сәйкес ресімделген тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан іс-жүзінде әкетілгендігін не транзиттік тауарлардың аварияның немесе жеңуге келмейтін күштер әрекетінің салдарынан жойылуын немесе қайтарымсыз жоғалуын куәландыруы, сондай-ақ органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңсыз іс-әрекетінің салдарынан олардың иеліктен шығарылуы фактілерін тиісті құжаттармен куәландыруы;

отандық тауарлардың қайта өңдеу өнімдерін оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына еркін айналысқа шығару үшін не қайта өңдеу өнімдерінің аварияның немесе жеңуге келмейтін күштер әрекетінің салдарынан жойылуын немесе қайтарымсыз жоғалуын Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемелерінің куәландыруы не Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша шетелдік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекетінің салдарынан иеліктен шығарылуы фактілерін тиісті құжаттармен куәландыруы;

шетел тауарларының қайта өңдеу өнімдерінің экспорты;
акцизделетін тауарлардың кері экспорты;

әкелінген тауарлардың ішкі кеден органына жеткізілуі не жіберілетін кеден органына әкету үшін арналған тауарлардың жеткізілуі сәйкесінше кеден органының депозитіне тиесілі соманы енгізген күннен бастап бес жылдан

к е ш і к т і р м е й

ж ү р г і з і л е д і .

Бұл ретте ақшаларды қайтару кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз етудің сомасын депозитке енгізген адамның, айыппұлдарды төлеген соң, сондай-ақ жеткізілетін тауарларға, тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында қайта өңдеу, тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде қайта өңдеу кеден режимдерінде тасымалданатын тауарларға қатысты ЖКД-сы бойынша төлеуге жататын барлық кедендік төлемдерін және (немесе) салықтарын Тәртіпке сәйкес ішкі кеден органы депозитіне немесе мемлекеттік бюджетке енгізгеннен кейін, жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады.

16. Егер тұлға кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ақша енгізілген тауарлар қатысында, оларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуден не тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерді қайта өңдеуден немесе тауарлардың экспортынан бас тартқан жағдайда, ішкі кеден органы төлеушінің нысаны осы Тәртіпке 5-қосымшада келтірілген жазбаша өтініші бойынша көрсетілген ақшаларды төлеушінің не оның жазбаша өтініші бойынша осы ақшаларды нақты енгізген адамның шотына, не болашақ кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету шотына қайтаруды жүргізеді.

17. Қамтамасыз ету сомаларын депозитте сақтау уақыты үшін пайыздар есептелмейді. Көрсетілген сомаларды индекстеу жүргізілмейді.

К е д е н б а ж д а р ы м е н с а л ы қ т а р ы н
т ө л е у д і қ а м т а м а с ы з е т у с о м а л а р ы н
д е п о з и т к е е н г і з у д і ң ж ә н е о л а р д ы
қ а й т а р у д ы ң т ә р т і б і н е
1-қосымша

(бас) кеден басқармасының

(кеденінің) бастығы

Өтініш

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖЖ* коды, мекен-жайы)
200__ жылғы "___" _____ N _____
ЖКД-сы бойынша ресімделген тауарларға қатысты кедендік баждарды және (немесе) салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде
200__ жылғы "___" _____ N _____ төлем құжатымен

_____ (кеден органының атауы)

_____ (бас) кеден басқармасының
(кеденінің) шотына енгізілген ақшаны айналымға салуыңызды сұрайды:

- Барлығы - _____ /сомасы/,

о н ы ң і ш і н д е :

- импорттық кеден бажы - _____ /сомасы/;

- акциз - _____ /сомасы/;

- қосылған құнға салынған - _____ /сомасы/.

салық

Ұйымның басшысы _____ (аты-жөні)

(қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)

(қолы)

" ___ " _____ 200__ ж.

* КҰЖЖ - кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі

Кеден баждары мен салықтарын
төлеуді қамтамасыз ету сомаларын
депозитке енгізудің және оларды
қайтарудың тәртібіне
2-қосымша

_____ (бас) кеден басқармасының

(кеденінің) бастығы

Өтініш

_____ (кеден органының атауы)

(бас) кеден басқармасында (кеденінде) ресімделген 200__ жылғы

" ___ " _____ N _____ ЖКД бойынша 200__ жылғы

" ___ " _____ N _____ төлем құжаты бойынша

кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден

органының шотына енгізілген ақшаның бір бөлігін мынадай кеден

баждарына және (немесе) салықтарға:

- барлығы - _____
/ с о м а с ы / ,

о н ы ң і ш і н д е :

- импорттық кеден бажы - _____
/ с о м а с ы / ;

- акциз - _____
/ с о м а с ы / ;

- ҚҚСС

- _____
/ с о м а с ы /

қаратылуына байланысты _____

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖЖ* коды, мекен-жайы)

_____ (с о м а с ы ж а з б а ш а)

_____ мөлшерінде артық енгізілген ақшаны

_____ банктегі

_____ (банктің атауы, БИК**)

N _____ шотқа қайтаруды/ _____ шотқа
(керексізін сызып тастаңыз)

есептеуді жүргізуді сұрайды.

Ұйымның басшысы _____ (аты-жөні)

(қ о л ы)

М . О .

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)

(қ о л ы)

"__" _____ 200__ ж.

* КҰЖЖ - кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі.

** БИК - банктік идентификациялық код.

Кеден баждары мен салықтарын
төлеуді қамтамасыз ету сомаларын
депозитке енгізудің және оларды
қайтарудың тәртібіне
3-қосымша

(бас) кеден басқармасының

(кеденінің) бастығы

Өтініш

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖЖ* коды, мекен-жайы)

_____ байланысты

_____ (қайтарудың себебін көрсету)

ресімделген 200__ жылғы "___" _____ N _____ транзиттік
декларация бойынша кедендік баждарды және (немесе) салықтарды
төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының N _____

(кеден органы шотының нөмірі)

шотына

(банктің атауы, БИК**)

200__жылғы "___" _____N ___ төлем құжатымен енгізілген
_____мөлшеріндегі

(с о м а с ы ж а з б а ш а)

ақшаны _____

(ұйымның банктік деректемелері)

қайтаруды сұрайды.

Ұйымның басшысы _____(аты-жөні)

(қ о л ы)

М.О.

Бас бухгалтер _____(аты-жөні)

(қолы)

"___" _____200__ж.

* КҰЖЖ - кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі.

** БИК - банктік идентификациялық код.

Кеден баждары мен салықтарын
төлеуді қамтамасыз ету сомаларын
депозитке енгізудің және оларды
қайтарудың тәртібіне

4-қосымша

бас)

кеден басқармасының
(кеденінің) бастығы

Өтініш

(Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымның/жеке

тұлғаның толық атауы, мекен-жайы)

_____байланысты

(қайтарудың себебін көрсету)

транзиттік режимде ресімделген 200__жылғы "___" _____

N___ декларация бойынша кедендік баждары мен салықтарды

төлеуді қамтамасыз ету ретінде 200__жылғы "___" _____

N _____кіріс кассалық ордері бойынша есептелген

_____мөлшеріндегі

(с о м а с ы ж а з б а ш а)

ақшаны _____

(Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымның/жеке

тұлғаның банктік деректемелері)
қайтаруды сұрайды.

Ақшаны аударудың тәртібімен таныстым.

Ұйымның/жеке тұлғаның
өкілі _____ (аты-жөні)

(қолы)

М.О.

"__" _____ 200__ ж.

Кеден баждары мен салықтарын
төлеуді қамтамасыз ету сомаларын
депозитке енгізудің және оларды
қайтарудың тәртібіне
5-қосымша

(бас) кеден басқармасының

(кеденінің) бастығы

Өтініш

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖЖ* коды, мекен-жайы)

_____ байланысты

_____ (қайтарудың/есептеудің себебін көрсету)

200__ жылғы "__" _____ N _____ төлем құжатымен
тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта
өңдеу режимімен, тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік
аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу режимімен, экспорт режимімен
немесе кері экспорт режимімен (керексізін сызып тастаңыз)
ресімделген 200__ жылғы "__" _____ N _____
уақытша (транзиттік) декларация бойынша кедендік баждарды және
(немесе) салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының
N _____

_____ (кеден органы шотының нөмірі)

_____ (банктің атауы, БИК**)

шотына енгізілген _____

_____ (сомасы жазбаша)

мөлшеріндегі ақшаны _____

_____ (ұйымның банктік деректемелері)

қайтаруды/алдағы кедендік баждардың және (немесе) салықтардың есебіне есептеуді (керексізін сызып тастаңыз) жүргізуді сұрайды.

М.О. Ұйымның басшысы _____ (аты-жөні)

(қ о л ы)

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)

(қ о л ы)

" ____ " _____ 200 ____ ж.

*КҰЖЖ - кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі.

** БИК - банктік идентификациялық код.

Келісілген

Бекітілген

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Мемлекеттік кіріс

министрінің

2001 жылғы 16 ақпан

2001 жылғы 16 ақпандағы N 166

бұйрығымен

Өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған импортталатын шикізаттар мен материалдарға кедендік баждар төлеуді кейінге қалдырудың немесе бөліп төлеудің ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импортталатын шикізаттар мен материалдарды кедендік ресімдеу кезінде кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдырудың немесе бөліп төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған шикізаттарға және (немесе) материалдарға кедендік баж төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді (бұдан әрі - кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) Кеден ісі туралы заңның 137-бабына сәйкес жүктік кедендік декларация (бұдан әрі - ЖКД) қабылданған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының кеден органдары б е р е д і .

Шикізаттар мен материалдарды өнеркәсіптік қайта өңдеу ретінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы (бұдан әрі - ТМД СЭҚ ТН) бойынша жіктеу коды бастапқы төрт белгінің кез-келгенінің деңгейіндегі пайдаланылған шикізаттардан және (немесе) материалдардан ерекшеленетін өнімді (тауарды) алу үшін оларды өндірісте пайдалану ұғылады. Бұл ретте:

қарапайым құрастыру операциялары (шегендеу, дәнекерлеу, желімдеу, құрастыру және с.с.);

қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының азық-түлік тағамдарын қайта өңдеуі;

тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау (партияларды ұсақтау, жөнелтілімдерді қалыптастыру, сорттау, орау, қайта орау) жөніндегі операциялар;

тауарларды (компоненттерді) алынған өнімге оны ТМД СЭҚ ТН коды бойынша кез-келген бастапқы төрт белгінің деңгейіндегі бастапқы құраушыдан ерекшелендіретін сипаттама берместен араластыру өндірістік қайта өңдеуге жатпайды.

3. Кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) импорттаушының (бұдан әрі - төлеушінің) Қазақстан Республикасының әкелінетін шикізаттар мен материалдарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органына жазбаша өтінішінің негізінде беріледі. Бұл ретте өтініште кедендік баж төлеуді және кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілгені үшін пайыздар төлеуді қамтамасыз ететіндігі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Төлеуші өтінішпен бірге мынадай құжаттардың:

статистикалық тіркеу кәртішкесінің;

заңды тұлғаның жарғысының;

заңды тұлғаның бірінші басшысы және заңды тұлғаның бас бухгалтері куәландырған әкелінетін тауарларды шикізат пен материалдар ретінде пайдалану арқылы өндірістің (өндірістің фрагментінің) технологиялық схемасының нотариалдық расталған көшірмелерін ұсынады.

Төлеуші осы тармақта аталған құжаттардан басқа, өзінде импортталатын шикізаттарды және (немесе) материалдарды өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған тиісті өндірістік алаңдар мен техникалық жағдайлардың бар екендігі туралы заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған құжатты ұсынады.

4. Кедендік баж төлеуді кейінге қалдыруды (бөліп төлеуді) беру туралы шешім (бұдан әрі - Шешім) не оны беруден бас тарту төлеушінің өтініші алынған күннен бастап үш күннен кешіктірілмей қабылданады. Шешім жазбаша нысанда екі данада жасалады және Қазақстан Республикасының тиісті кеден органының бірінші басшысымен қол қойылады. Шешімнің бірінші данасы кедендік баж төлеуді кейінге қалдыруды (бөліп төлеуді) берген Қазақстан Республикасы кеден органының іс-қағазында қалады. Екінші данасы Қазақстан Республикасының кеден органы Шешім қабылдаған күннен кейінгі күннің аяқталуынан кешіктірілмей кедендік баж төлеуді кейінге қалдыруды (бөліп төлеуді) алған төлеушіге жолданады.

Шешім мынадай мәліметтерді:

кедендік бажды төлеу жөнінде кейінге қалдырулар (бөліп төлеулер) берудің
м е р з і м і н ;

төлеушінің өтінішінде көрсетілген кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз
е т у д і ң т ә с і л і н ;

келісім-шарттың күнін, нөмірін және төлеуші келісім-шарт жасасқан
ф и р м а н ы ң а т а у ы н ;

оған қатысты кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілетін
тауардың атауы мен көлемін қамтуы тиіс.

Шешімге тіркеу нөмірі беріледі.

5. Кедендік баж төлеуді кейінге қалдыруды (бөліп төлеуді) алған төлеуші
туралы мәліметтер осы Ережеге 1-қосымшада келтірілген нысан бойынша
кедендік баж төлеуді кейінге қалдырудың (бөліп төлеудің) берілуін тіркеу
ж у р н а л ы н а е н г і з і л е д і .

6. Кейінге қалдыруларды (бөліп төлеулерді) беруден бастарту туралы шешім
мұндай бастартудың себептерін қамтуы тиіс.

Бастарту туралы шешім жазбаша нысанда екі данада ресімделеді және
Қазақстан Республикасының тиісті кеден органының басшысы қол қояды.
Бастарту туралы шешімнің бірінші данасы Қазақстан Республикасының кеден
органы бастарту туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі күннің аяқталуынан
кешіктірілмей төлеушіге жолданады, ал екінші данасы Қазақстан Республикасы
кеден органының іс-қағазына тігіледі.

7. Кедендік төлемдерді төлеу жөнінде берешегі бар не кедендік төлемдерді
төлеуден жалтарушы тұлғаларға кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп
т ө л е у) б е р і л м е й д і .

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден
к о м и т е т і н і ң р ұ қ с а т ы м е н :

акцизделетін топқа жатқызылған;

олар бойынша төлеуге жататын кедендік баждардың сомасы теңгемен
алғанда 10 мың АҚШ долларына баламды сомадан асатын шикізаттар мен
материалдарға қатысты кеден баждарын төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу)
б е р і л е д і .

9. Кедендік баж төлеуді кейінге қалдыруларды (бөліп төлеулерді) беру
кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кедендік бажды төлеу күні
қолданылған қайта қаржыландыру ресми ставкасы (бұдан әрі - қайта
қаржыландырудың ставкасы) бойынша пайыздар алынады.

10. Берілген кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) үшін
пайыздар (бұдан әрі - пайыздар) Қазақстан Республикасының ұлттық
валютасында есептеледі. Бұл ретте пайыздарды есептеу дәйектілікпен екі кезеңде
ж ү р г і з і л е д і .

Б і р і н ш і к е з е н д е :

$$\text{П а й 1} = \frac{\text{К б с х К с х Қ қ с 1}}{365 \times 100}$$

формуласы бойынша кедендік декларацияны қабылдау күні қолданылған қайта қаржыландыру ставкасы бойынша пайыздарды* алдын ала есептеу жүргізіледі, мұнда:

П а й 1 - п а й ы з д а р д ы ;

Кбс - кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілетін кедендік баждың сомасын;

Кс - кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілетін күндердің санын;

Ққс1 - кедендік декларацияны қабылдау күні қолданылған қайта қаржыландырудың ставкасын;

365 - жылдағы күндердің санын білдіреді.

Е к і н ш і к е з е н д е :

$$\text{П а й} = \frac{\text{К б с х К с х Қ қ с}}{365 \times 100}$$

формуласы бойынша төлеушінің төлеуіне жататын, кедендік баждарды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландырудың ставкасы бойынша пайыздарды есептеу жүргізіледі, мұнда:

П а й - п а й ы з д а р д ы ;

Тбс - төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілетін кедендік баждардың сомасын;

* Пайыздарды алдын ала есептеу кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз етудің сомасына кіргізілетін пайыздарды айқындау үшін жүргізіледі.

Кс - кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілетін күндердің іс жүзіндегі санын;

Ққс - кедендік баждарды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландырудың ставкасын;

365 - жылдағы күндердің санын білдіреді.

Мысал. Төлеушіге әкелінетін темекі шикізатына 500 мың теңге сомасында кедендік баж төлеу қажет. Бұл ретте төлеушіге кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру берілген және кедендік ресімдеуге кедендік декларация қабылданған күннен бастап іс жүзінде төлеу жүргізілген күн аяқталғанға дейінгі мерзім 60 күнді құрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы ЖТД берілген күнге 19%-ды, кедендік бажды төлеу күніне - 21% - ды құрайды.

Кедендік бажды төлеуді қамтамасыз ету сомасына қосылатын пайыздарды айқындау үшін кедендік декларация қабылданған күні қолданылған қайта қаржыландырудың ставкасы бойынша мынадай тұрғыда оларды алдын ала есептеу жүргізіледі:

$$\text{Пай} = \frac{500\,000 \times 60 \times 19}{365 \times 100} = 15\,616 \text{ теңге}$$

Төлеушінің мемлекеттік бюджеттің кірісіне төлеуіне жататын пайыздарды есептеу кейінге қалдырудың іс жүзіндегі күндерінің негізінде, кедендік бажды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландырудың ставкасы бойынша жүргізіледі. Бұл ретте кедендік баж кейінге қалдыру мерзімі аяқталған күні төленген жағдайда пайыздар мынадай тұрғыда есептеледі:

$$\text{Пай} = \frac{500\,000 \times 60 \times 21}{365 \times 100} = 17\,260 \text{ теңге}$$

Осылайша берілген кейінге қалдыру үшін төлеушінің 17 260 теңге сомасында пайыздар төлеуі қажет.

11. Кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру берілген кезде Қазақстан Республикасының кеден органы төлеушімен бірлесіп кедендік баждар мен пайыздарды төлеудің кестесін жасайды. Пайыздар есептеу осы Ереженің 10-тармағында келтірілген тәртіппен кесте бойынша кедендік бажды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландыру ставкасы бойынша жүргізіледі. Бұл ретте одан кейінгі төлемдер бойынша кедендік декларация бойынша есептелген кедендік баждардың сомасы ішінара төленген кедендік баждың сомасына шегеріледі, ал пайыздар кедендік бажды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландыру ставкасы бойынша төленбеген және кестеге сәйкес төлеуге жататын кедендік баждың сомасынан есептеледі. Кедендік баждың сомалары мен пайыздары кесте бойынша төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органдары кедендік баждың барлық сомасы мен пайыздарды өндіріп алу шараларын қолданады.

12. Кедендік баждар мен пайыздарды төлеуді кейінге қалдыру мерзімі не бөліп төлеу кезінде кесте бойынша кедендік бажды төлеу күні аяқталған күннің соңынан кешіктірмей төлеуші жүргізеді.

Егер кедендік баждарды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландырудың ставкасы ЖКД қабылдаған күнге қолданылған қайта қаржыландыру ставкасына қатысты азайса не көбейсе төлеуші төлеуге жататын пайыздарды тиісінше азайюы немесе көбейуі жағына түзету жүргізіледі.

Ақша қаражатын аударуға арналған төлем құжатында "Төлемнің мақсаты" деген бағанда:

"200__ жылғы " __ " _____ N _____ шарт
(келісім-шарт) бойынша, N _____ ЖКД бойынша, саны _____
импортталатын тауарға қатысты берілген кейінге қалдыру (бөліп төлеу) үшін
кедендік баждар мен пайыздарды төлеу" деп көрсетілуі тиіс.

Егер төлеуді төлемшінің тапсыруы бойынша үшінші тұлға жүргізген жағдайда бұл бағанда қосымша ақшаның қай тұлғаның мүддесінде енгізілгендігі көрсетілуі керек.

Уәкілетті банктің төлем құжатындағы банктік операциялардың жүргізілгендігі туралы белгісінің күні ақшаның аударылған күні болып саналады.

Банктік операциялардың жүргізілгендігі туралы банктің белгісі бар төлем құжатының көшірмесі мен ұйымның (кәсіпорынның) бірінші тұлғасының, оның бас бухгалтерінің қолымен және ұйымның банктік және қаржылық құжаттарға арналған мөрімен расталған банктен үзінді көшірме кейінге қалдыру (бөліп төлеу) мерзімі аяқталған күннің соңынан кешіктірілмей кейінге қалдыруды берген Қазақстан Республикасының кеден органына көрсетіледі.

Кедендік баждар мен пайыздардың төленуге тиісті сомасын мезгілінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте осы Ереженің 10-тармағына сәйкес төлеуге жататын пайыздарды қайта есептеу жүргізіледі.

13. Кедендік баж төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілген кезде Кеден ісі туралы заңның 138-бабына сәйкес кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз ету:

тауарлар мен көлік құралдарының кепілімен;
уәкілетті банктің кепілдігімен жүзеге асырылуы мүмкін.

14. Үшінші тұлғаның мүлік құқығынан бос, мыналардан:

1) азаматтық айналыстан алынып тасталған мүліктен;

2) Қазақстан Республикасына әкелуге не Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарлардан;

3) нарықтық бағасы кеден баждарын және (немесе) салықтарын төлеу жөніндегі міндеттемеден төмен тауарлардан басқа кез-келген мүлік кедендік баждарды және (немесе) салықтарды төлеуді қамтамасыз ету мақсатындағы кепілзаты болады.

15. Тауарларды тасымалдаушы тұлға не үшінші тұлға кепіл беруші болады.

16. Қазақстан Республикасының кеден органы мен кепіл берушінің өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған кепіл туралы шарттың негізінде құрылады.

17. Кепіл туралы шарт үш данада жасалады, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады және

м ы н а д а й

ш а р т т а р д ы :

- 1) тараптардың атаулары мен деректемелерін;
- 2) кепіл затының атауын;
- 3) кепіл затының құны мен кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің м ө л ш е р і н ;
- 4) кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің орындалу мерзімін;
- 5) кепіл затын сатудың сотсыз мүмкіндігін қамтуы тиіс.

18. Кепіл туралы шарттың мәліметтері Қазақстан Республикасы кеден органының кедендік төлемдер бөлімінде жүргізілетін осы Ережеге 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша кепіл туралы шарттардың арнайы тізіліміне е н г і з і л е д і .

19. Кепілге салынған мүлік Қазақстан Республикасы кеден органының шешімі бойынша кепіл берушінің иелігінде және пайдалануында қалады не кеден органдары құрған уақытша сақтау қоймаларына немесе кедендік қоймаларға орналастырылады.

Егер кепілге салынған мүліктер кепіл берушінің иелігінде қалған жағдайда, Қазақстан Республикасының кеден органы құжаттар бойынша кепіл затының іс-жүзінде болуын, мөлшерін, сақталуының жай-күйі мен жағдайын тексеруге де қ ұ қ ы л ы .

20. Қазақстан Республикасының кеден органы кепіл берушіден кепілге салынған мүлікке меншіктік құқығын растайтын құжаттарды ұсынуын талап е т у г е қ ұ қ ы л ы .

21. Кепілге салынған мүлік иелігіндегі және пайдалануындағы тарап, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген кепілге салынған мүлікті ұстау және оның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

22. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепіл берушіде қалатын кепілге салынған мүлікті оның есебінен авариялардың немесе жеңуге келмейтін күштер әрекеттерінің, өзге де мемлекеттік органдардың іс-әрекет жасауының немесе олардың кепіл берушінің шаруашылық қызметін тоқтататын не оған кедергі келтіретін немесе оған қолайсыз әсер ететін (тәркілеу және басқа) кесімдер қабылдауының салдарынан, сондай-ақ кепіл беруші таратылған немесе дәрменсіз ден танылған жағдайларда кепіл затының жоғалуы, жеткіліксіз болуы немесе зақымдануы жағдайына мүліктің толық құнына сақтандыруды талап етуге қ ұ қ ы л ы .

23. Кепіл берушінің кепіл затына Қазақстан Республикасы кеден органының келісімінсіз билік етуге құқығы жоқ. Мүлікті қайта кепілге салуға жол берілмейді .

24. Кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) арқылы кедендік ресімдеуді жүргізу кезінде кедендік декларацияға кедендік баждарды төлеуге кепілмен кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілгендігі туралы тиісті жазбамен берілген кейінге қалдыру (бөліп төлеу) аяқталатын күн жазылады.

25. Қазақстан Республикасы кеден органының кедендік төлемдер бөлімі кепілмен қамтамасыз етілген кедендік баждар мен пайыздарды төлеу міндеттемесінің орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асырады.

26. Төлеуші кедендік баж бен пайыздарды белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдің м ү л к і н е қ а р а т ы л а д ы .

27. Кепілге салынған мүлікті соттан тыс сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Егер кепілдің затын сатудан алынған сома кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің сомасын, сондай-ақ сатуға байланысты шығыстарды жаппаған жағдайда, жетпейтін сома Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында көзделген тәртіппен кепіл берушіден өндіріліп алынады.

Егер кепілдің затын сатудан алынған сома кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің сомасынан артық болған жағдайда айырмасы үш күндік мерзімде кепіл берушіге қайтаруға жатады.

2 9 . К е п і л :

1) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің тоқтауымен:
кедендік баждар және (немесе) салықтар төленген жағдайда;

2) кепілге салынған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес с а т ы л ғ а н ж а ғ д а й д а ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда т о қ т а т ы л а д ы .

30. Уәкілетті банктің кепілдігі түрінде кедендік баждар мен пайыздарды төлеуді кейінге қалдыру (бөліп төлеу) берілген жағдайда кедендік баждардың төленуін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің бекітілген бұйрығымен, уәкілетті банктің кепілдігі түрінде кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің ережесі айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған импортталатын шикізаттар мен материалдарға кедендік баждар төлеуді кейінге қалдырудың немесе бөліп төлеудің ережесіне

1-қосымша

**_____ облысы бойынша (Бас) Кеден басқармасының
(кеденінің) кедендік баждарда төлеу бойынша кейінге қалдырулар
(бөліп төлеулер) беруді тіркеу журналы**

Р/б N	Заңды тұлғаның импортшы. ның атауы	КҰСК коды	Келісім- шарттың N мен күні	Кеден органының кейінге қалдырулар (бөліп төлеулер туралы шешімінің N мен күні	Кейінге қалдыру. лардың (бөліп төлеу. лердің) берілу мерзімі	Кедендік баждың сомасы	Кейінге қалды. рулар (бөліп төлеулер бергені үшін пайыз. дардың с о м а с ы
----------	---	--------------	--------------------------------------	--	---	------------------------------	--

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Кедендік баждар мен кейінге
қалдырулар (бөліп төлеулер) бергені
үшін пайыздарды төлеуді қамтамасыз
етудің тәсілі

уәкілетті банктің кепілдігі (N, күні)	Тиесілі сомаларды депозитке енгізу (төлем құжатының N, мен күні)	Тауарлар мен көлік құралдарының кепілі (шарттың N мен күні, кепілді ұстаушы)
--	--	---

9

1 0

1 1

Өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін
 арналған импортталатын шикізаттар
 мен материалдарға кедендік баждар
 төлеуді кейінге қалдырудың немесе
 бөліп төлеудің ережесіне
 2-қосымша

Кепіл туралы жасалған шарттардың тізілімі

Р/б	Кепіл	Кейін.	Міндет.	Кепіл	Кепіл.	Кепіл	Кепіл	Шарт	Іс
N	беруші.	ге	темені	туралы	дiң	заты.	заты.	бойын.	жү
	нiң	қалды.	қамтама.	шарт.	түрi	ның	ның	ша	мін.
	атауы,	руды	сыз	тың		атауы	құны	деттеме.	де
	оның	(бөліп	ету со.	жасал.		мен		лердi	ор.
	мекен-	төлеудi	масы	ған		саны		орын.	дау
	жайы,	алған		күні				дау	мер
	СТН-і	ұйымның						мерзi.	зімі
		(кәсіп							зімі
									орынның)
									атауы

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Таблицаның жалғасы

Кепіл	Кепіл	Ескерт.
затын	затын	пелер
сату		сату
күні		кезінде
		алынған
		сорма

1 1 1 2 1 3